

Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы Басқарма
шешімінің 2025 жылғы 28 тамыз №39
хаттамасымен бекітілген

Орыс тілінде <https://law.nis.edu.kz/docs/9395>

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқушыларын бағалау моделі

1.Жалпы ережелер

1.1 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының оқушыларын бағалау моделі (бұдан әрі – Модель) NIS-Programme білім беру бағдарламасы бойынша (бұдан әрі – NIS- Programme) білім беру қызметін іске асыратын (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының (бұдан әрі – ДББҰ) оқушыларын толыққанды тұлға ретінде дамыту аясында бағалауды жүзеге асырудың мақсатын, қағидалары мен тәсілдерін анықтайды.

Модель NIS-Programme мақсаттарын іске асыруға, жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және NIS-Programme мен халықаралық стандарттарға сәйкес оқудан күтілетін нәтижелерге жету үшін жағдай жасауға бағытталады.

Академиялық жетістіктерді бағалаумен қатар, осы Модель аясында оқуға мотивация, өзін-өзі басқару, өзіне сенімділік, дамуға құлшыныс сияқты оқушының оқуда және одан тыс жағдайларда тұлғалық дамуы мен табысты болуында маңызды болып табылатын когнитивті емес дағдыларды бағалау жүзеге асырылады.

1.2 Осы Модельде көрсетілген ережелер Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын ДББҰ филиалдары мен ДББҰ-ның еншілес ұйымдарына қатысты қолданылмайды.

1.3 Осы Модельде келесідей түсініктер мен анықтамалар қолданылады:
1)**аттестаттау комиссиясы** - сыртқы жиынтық бағалау, сыртқы қорытынды бағалау немесе мерзімінен бұрын қорытынды аттестаттау жұмыстарын бағалау үшін ДББҰ-ның Басқарма Төрағасының және/немесе Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен тағайындалған комиссия;

2)**бағалау критерийі** – оқу нәтижелеріне қойылатын нақты талаптарды көрсететін және оқушылардың оқу жетістіктерін шынайы бағалауға негіз болып табылатын бағалау жүйесінің элементі;

3)**балл қою кестесі** - қабылданатын дұрыс жауаптар және/немесе бағалау критерийлері, тапсырмаларды орындаудың негізгі кезеңдерінің сипаттамасы мен соған сәйкес балдардың бөлінісі көрсетілген, бағалаудың шынайылығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге және балл қоюдағы бірыңғай тәсілдерді белгілеуге бағытталған нұсқаулық;

4)**дескриптор** - тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекеттерді сипаттайтын тұжырым;

5)**жиынтық бағалау** – оқудың белгілі бір кезеңінде (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) және NIS-Programme бойынша бөлімдерді және / немесе ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағанда өткізілетін бағалау түрі;

6)**жиынтық жұмыс** – оқудың белгілі бір кезеңінде (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) және NIS-Programme бойынша бөлімдерді және / немесе ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағаннан кейін оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін көрсететін оқушы жұмысы;

7)**Зияткерлік мектепке қатынасы бойынша сыртқы ұйым** – Cambridge University Press & Assessment (бұдан әрі – Кембридж) және/немесе «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы (бұдан әрі – ПӨО);

8)**когнитивті емес дағдыларды бағалау** – оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және эмоциялық сипаттамаларын, академиялық білімін қамтитын когнитивтік емес дағдыларының қалыптасуы туралы ақпарат алу мақсатында жүргізілетін бағалау;

9)**критериалды бағалау** – оқушылардың оқу жетістіктері пән бойынша оқу бағдарламасының оқу мақсаттары және/немесе оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелерге сәйкес алдын ала белгіленген критерийлер негізінде өлшенетін бағалау жүйесі;

10)**қалыптастырушы бағалау** – оқушылардың оқуын дер кезінде қолдау мен түзету мақсатында оқу процесінде сындарлы кері байланыс беру арқылы үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі;

11)**модерация** – балл қою мен бағалаудың шынайылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін бірыңғай тәсілдерді ұстану мақсатында бағалау нәтижелерін кәсіби тұрғыдан талқылау және ортақ келісімге келу процесі;

12)**оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу** (бұдан әрі – Мониторинг) – пәндік оқу бағдарламаларына сәйкес оқушылардың алған білім, білік дағдыларының деңгейі туралы объективті ақпаратты тұрақты түрде жинақтау, өңдеу және ұсыну үшін қолданылатын, әрбір оқушының оқудағы дербес білім алу маршрутына түзету енгізіп, оқу динамикасын бақылауға мүмкіндік беретін оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау;

13)**оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейін анықтау тесті** (бұдан әрі – **ОФСҚДАТ**) – оқушылардың тәжірибелік, өмірлік жағдаяттарда білім, білік, дағдыларын қолдана алу қабілеттерін сырттай бағалау;

14)**рубрика** – бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктері деңгейлерінің сипаттамасы;

15)**сыртқы бағалау** – Зияткерлік мектепке қатынасына қарай сыртқы ұйым әзірлейтін және жүргізетін бағалау;

16)**сыртқы жиынтық бағалау** – NIS-Programme бағдарламасы бойынша негізі мектепте, жоғары мектепте оқытылатын пәндерді аяқтауларына қарай оқушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейлерін анықтау мақсатында өткізілетін және оқушылар үшін міндетті болып табылатын білім, білік, дағдыларды сырттай бағалау.

17)**сыртқы қорытынды бағалау** – нәтижелері ҰБТ сертификатына енгізілуі мүмкін, негізгі мектепте және/немесе жоғары мектепте оқуы аяқталған пәндерден жоғарғы мектеп оқушыларының (ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің) таңдауы бойынша білім, білік, дағдыларын бағалау мақсатында жүргізілетін сыртқы бағалау;

18)**тест спецификациясы** – құрылым, мазмұн, формат және/немесе бағалау тәртібін анықтайтын құжат;

19)**ұлттық бірыңғай тестілеу** (бұдан әрі – **ҰБТ**) – Қазақстан Республикасының жоғары және / немесе жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір түрі;

20)**ҰБТ-ның бейіндік пәні** – сыртқы жиынтық бағалауды немесе сыртқы қорытынды бағалауды тапсыруға арналған пән, оның нәтижесі ҰБТ сертификатының бейіндік пәнінің балына ауыстыру кезінде қолданылуы мүмкін.

2.Кешенді бағалау жүйесі

2.1 Зияткерлік мектептерде жүзеге асырылатын Бағалау моделі әрбір оқушының дамуына бағытталады және шынайылық пен объективтілікті қамтамасыз ететін қағидаттарына негізделеді. Бұл модель – келесі құрамдас бөліктерден тұратын тұтас жүйе:

- оқушыларды әділ және ашық іріктеу мақсатында өткізілетін Назарбаев Зияткерлік мектептеріне конкурстық іріктеу

- оқу жылы барысында жүргізілетін қалыптастырушы бағалау мен бөлім/ортақ тақырып, тоқсан және білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалау кіреді;

- оқудың динамикасын бақылауға және жеке білім беру маршрутын қалыптастыруға бағытталған мониторинг;

- халықаралық тәсілдер негізінде әзірленген PISA тапсырмаларына ұқсас тапсырмаларды қамтитын ОФСҚДБТ;

- оқу мотивациясы, мақсат қоя білу, өзін-өзі бағалау және қиындықтарға төзімділік сияқты когнитивті емес дағдыларды бағалау;

- білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелерін тәуелсіз растау мақсатында оқу аяқталатын кезеңдерде жүргізілетін сыртқы жиынтық бағалау;

- 12-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылатын және нәтижелерін ҰБТ сертификатын алу үшін пайдалануға мүмкіндік беретін сыртқы қорытынды бағалау.

Мұндай құрылым ағымдық, мониторингтік және қорытынды бағалау рәсімдерін біртұтас жүйеге біріктіре отырып, бағалаудағы кешенді тәсілді қамтамасыз етеді (1-сурет).

1-сурет. Кешенді бағалау жүйесі



2.2 Модельдің мақсаты – оқушылардың білім деңгейінің өсуін, мотивациясы мен рефлексия жасау дағдыларын дамытуға бағытталған біртұтас, шынайы әрі дамытушы бағалау жүйесін құру, сондай-ақ педагогикалық, басқарушылық және стратегиялық шешімдер қабылдау үшін қажетті болатын сенімді әрі салыстырмалы деректерді қамтамасыз ету.

2.1.1 Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау – оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және ол әр сабақта педагогтер тарапынан жүйелі түрде жүргізіледі.

Тиімді оқытуды қамтамасыз ету үшін мұғалімдер оқушылардың оқу барысындағы жетістігі мен түсіну деңгейін бақылап, үнемі қадағалап отыруы қажет.

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі міндеттері:

- оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерін анықтау және оқушыларға таныстыру;
- оқушының нені және қандай деңгейде меңгергенін анықтауға мүмкіндік беретін тиімді бірлескен оқу ортасын құру;
- оқушылардың дамуына ықпал ететін сындарлы кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқушыларды бір-бірін өзара оқытуға жұмылдыру;

- оқушыларды өз оқуын «қалыптастыратын» тұлға ретінде қалыптастыру.